

Парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенттерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 222 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 шілдеде № 15396 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 4 тамыздағы № 289 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 04.08.2021 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 27-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенттерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялау үшін көшірмесін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 2), 3) және 4)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ж. Қасымбек

29 маусым 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов

30 маусым 2017 жыл

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 222 бұйрығымен бекітілген

Парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенттерінің тізбесі

№	Өнім	Өнімнің өлшем бірлігі	Өнім түрлері бойынша парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенті
1.	Электр энергиясы (қолданылатын отын түрі – көмір)	tCO ₂ /Mвт-сағ	0,985
2.	Жылу энергиясы (қолданылатын отын түрі – көмір)	tCO ₂ /Гкал	0,484
3.	Электр энергиясы (басқа отын түрлері)	tCO ₂ /Mвт-сағ	0,621
4.	Жылу энергиясы (басқа отын түрлері)	tCO ₂ /Гкал	0,310
5.	Мұнай өнімдері	tCO ₂ /тонна	0,181
6.	Мұнай коксы*	tCO ₂ /тонна	0,689
7.	Техникалық күкірт	tCO ₂ /тонна	0,243
8.	Мұнай және газ (тасымалдау)	tCO ₂ /ГДж	56,72
9.	Мұнай және газ (өндіру)	tCO ₂ /тонна	0,065

10	Цемент (клинкер)	tCO ₂ /тонна	0,961
11	Аммиак	tCO ₂ /тонна	1,800
12	Кокс	tCO ₂ /тонна	0,482
13	Агломерат	tCO ₂ /тонна	0,307
14	Фосфор	tCO ₂ /тонна	4,065
15	Натрий триполифосфаты	tCO ₂ /тонна	0,734
16	Сұйық шойын	tCO ₂ /тонна	1,877
17	Көміртекті болат	tCO ₂ /тонна	0,161
18	Алюминий	tCO ₂ /тонна	1,492
19	Күйдірілген анод	tCO ₂ /тонна	0,397
20	Мыс	tCO ₂ /тонна	0,618
21	Күкірт қышқылы	tCO ₂ /тонна	0,008
22	Аммофос	tCO ₂ /тонна	0,248
23	Азықтық трикальцийфосфат	tCO ₂ /тонна	1,116
24	Натрий монокроматы	tCO ₂ /тонна	1,832
25	Металлургиялық хром тотығы	tCO ₂ /тонна	1,480
26	Пигментті хром тотығы	tCO ₂ /тонна	1,504
27	Хром сульфаты	tCO ₂ /тонна	0,093
28	Мырыш сульфаты	tCO ₂ /тонна	1,094
29	Вельцвозгондар	tCO ₂ /тонна	5,730
30	Хромдық ангидрид	tCO ₂ /тонна	0,214
31	Ферроқорытпалар	tCO ₂ /тонна	1,695
32	Кальций карбиді	tCO ₂ /тонна	0,105

33	Гипсо-қатырма	tCO ₂ /тонна	0,164
34	Әк	tCO ₂ /тонна	1,112
35	Силикат кірпіш	tCO ₂ /тонна	0,074
36	Керамзит	tCO ₂ /тонна	0,211
37	Глинозем	tCO ₂ /тонна	2,225
38	Тазартылған қорғасын	tCO ₂ /тонна	2,913
39	Қорғасын қоқымы	tCO ₂ /тонна	0,142
40	Мырыш күйігі	tCO ₂ /тонна	0,004
41	Алтын қоспасы бар кен	tCO ₂ /тонна	0,0000032
42	Металлургиялық кремний	tCO ₂ /тонна	5,689
43	Этил спирті	tCO ₂ /тонна	10,122
44	Хром жентегі	tCO ₂ /тонна	0,137
45	Құбыр	tCO ₂ /тонна	0,486
46	Сұйық металл	tCO ₂ /тонна	0,033
47	Ыстық жаймаланған болат илемдеу	tCO ₂ /тонна	0,146
48	Арматура илемдеу	tCO ₂ /тонна	0,159
49	Болат шарлар	tCO ₂ /тонна	0,142
50	Теміркенді жентек	tCO ₂ /тонна	0,039
51	Көмір (өндіру)	tCO ₂ /тонна	0,062
52	Байытылған көмір	tCO ₂ /тонна	0,018

*мұнай өңдеудің жанама өнімдері